



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

ІІМ шетелдік автокөліктерді заңдастыру жолын түсіндірді

2023 жылдың 23 қаңтарынан бастап шетелдік автокөліктерді заңдастыру жүргізіледі, деп хабарлайды Egemen.kz. Polisia.kz-ке сілтеме жасап.

Қазақстан азаматтары сырттан әкелген шетелдік есептегі жеңіл автокөліктер, шағын, орта сыйымдылықтағы автобустар, шағын жүк көліктері және рөлі оң жақтағы автокөліктерді заңдастыру ережелері 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін жүргізіледі.

Заңдастыруға өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы немесе мамандандырылған ХҚКО-ға жеке жүгіну арқылы беруге болады. Онда тек көлік құралдарын заңдастыруға құжаттар қабылдайтын секторлар жұмыс істейді. Сонымен қатар онда заңдастыру ережелерін түсіндіретін әкімшілік полиция қызметкері болады. Өзіңізбен бірге - өтініш, жеке куәлік, автокөлік паспорты немесе тіркеу туралы куәлік, сондай-ақ меншік құқығын растайтын құжат бо-

луы қажет.

Ал заңдастыру туралы шешім екі күн ішінде қабылданады.

Автокөлікті заңдастыру үшін өтінім, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралының паспорты немесе тіркеу туралы куәлік, көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат талап етіледі. Нәтижесі арнайы базаға тіркеледі және көлік иесінің телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Онда қабылданған шешім нақты жазылады. Заңдастыруға рұқсат етілсе, мемлекеттік алымдар төлеу қажет.

Заңдастыру кезіндегі негізгі төлем—200 мың теңгені құрайтын бастапқы тіркеу алымы. Сонымен қатар мемлекеттік нөмірге 9660 теңге және техпаспорт үшін 4313 мың теңге төленеді. Осыдан кейін өтініш иесі тіркеу құжаттарын және Қазақстанның мемлекеттік нөмірін алады. Айта кету керек, шетелдік есепке алынған автокөліктерді заңдастыру – бұл бір реттік акция.



Мемлекет басшысы Air Astana президентін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Air Astana әуе компаниясының 2022 жылғы операциялық және қаржылық көрсеткіштері жөнінде мәлімет берілді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Сондай-ақ компанияның 2023-2027 жылдарға арналған жоспары баяндалды. Air Astana компаниясы өз

әуе паркін Airbus A320 және Boeing 787 Dreamliner секілді жаңа буын ұшақтарымен толықтыруды жоспарлап отыр. Бұл ұшақтар елімізге 2025 жылы жеткізіледі.

Питер Фостер компанияның бөлімшесі Fly Arystan лоукостерінің жұмыс перспективасы және 2024 жылы IPO-ға шығуға дайындық ту-

ралы баяндады.

Президент Air Astana қызметін оң бағалап, компанияның ұшақ санын арттыруды және ұшу географиясын кеңейтуді көздейтін стратегиясына оң баға берді. Сондай-ақ кездесу барысында жолаушылар санын арттыруға бағытталған әуе компаниясының баға саясаты талқыланды.



Қазақстан азаматтары БАӘ-ге жиі ұша алады

Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы әуе рейстерінің саны артып келеді. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетінде айтылды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 15-17 қаңтарда БАӘ-ге жасаған сапарының қорытындысы бойынша авиация билігі екі ел арасындағы рейстер санын арттыруға келісті.

«Әуе тасымалының қолжетімділігін қамтамасыз ету және әуе билеттерінің құнын төмендету мақсатында 22 қаңтардан бастап Wizz Air Abu Dhabi лоукостер әуекомпаниясы Абу-Даби мен Алматы қалалары арасындағы рейстердің санын 3-тен 4 рейске дейін арттырды. Рей-

стер «Airbus A320/A321» сияқты әуе кемелерімен орындалады», деп хабарлады комитеттің баспасөз қызметінен.

Сондай-ақ Fly Dubai компаниясының хабарлауынша, 26 қаңтардан бастап Дубай – Астана бағыты бойынша рейстер санын аптасына 10-нан 14 рейске дейін ұлғайту жоспарда бар. 28 қаңтардан бастап Дубай– Алматы бағыты бойынша аптасына 10-нан 14 рейске дейін; 28 ақпаннан бастап Fly Dubai Шымкент-Дубай бағыты бойынша аптасына 2 рейс жиілігімен (сәрсенбі, сенбі) рейстерді қалпына келтіруді жоспарлап отыр. Ұшулар B-737 ұшақтарымен орындалады.

Айта кетейік, 2023 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан мен БАӘ «ашық аспан» режимін ұзартты.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Дихан Қамзабекұлы «Қазақ газеттерінің» Бас директоры болып тағайындалды

Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Ана тілі» газетінің бас редакторы және Асыл Сағымбеков «Мысль» журналының бас редакторы болып тағайындалды. Ал талай жыл журналистика саласында өнімді қызмет

«Алматыдағы сапарым барысында жуырда ғана қайта құрылған «Қазақ газеттерінің» ұжымымен кездестім. «Қазақ газеттері» мен «Егемен Қазақстан» ЖШС-ның бірігу жұмыстары сәтті аяқталды. Сондықтан «Қазақ газеттері» деп аталатын құрылым өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты деп айта аламыз. Жаңа құрылым жаңа ғимаратта жұмысын бастады. Ұжым қызметкерлерінің жалақысы, қаламақысы мен сыйақысы да өсті. Алда атқарылатын жұмыс көп», деп жазды министр әлеуметтік желіде.

Осындай өзгерістерге байланысты ендігіде «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Ана тілі», «Ақиқат», «Мысль», «Теңге монитор», «Ұйғыр авазы», «Үркөр», «Ақжелкен», «Балдырған», «Ұлан», «Дружные ребята» басылымдары бір шаңырақтың астында қызмет істейді.

«Екі ұжымның бірігуіне орай «Қазақ газеттерінің» Бас директоры болып академик Дихан Қамзабекұлы тағайындалды. Сондай-ақ белгілі журналист Думан Анаш «Қазақ газеттері» бас директордың орынбасары – Алматы филиалының басшысы, Ерлан Жүніс



еткен, еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Шамшидин Паттеев ағамыз жұмыстан босауға өтініш жазған еді. Ағамызға қажырлы қызметі үшін ризашылық білдіреміз», деді Дархан Қыдырәлі.

Сондай-ақ министр өз өтінішімен қызметтен босаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қарымды қаламгер Қали Сәрсенбайға да жемісті еңбегі үшін алғыс білдірді.

Кездесу барысында Ақпарат және қоғамдық даму министрі «Дружные ребята» басылымын 90 жылдық мерейтойымен құттықтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Созақ ауылдық округіне әкім лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
1. Аяпов Батырхан Қаныбекұлы	15.09.1978 ж	Созақ ауылдық округінің әкімі, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Амангелді көшесі №21 үй
2. Жуматаев Даурен Жуматаевич	11.11.1987 ж	«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман бухгалтер бюджетті жобалау және орындау бойынша экономист Таукент кенті әкімінің аппараты, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті №132 үй №164 пәтер

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша семинар-кеңес өтті

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша заңнамалардың тиісті нормаларына түсіндірме жасау жөнінде семинар-кеңес өтті.

Семинар – кеңестің төрағасы, Созақ ауданы әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды семинар кеңесті ашып, бірқатар күн тәртібінде тұрған мәселелерге көпшіліктің назарын аударып, агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері жөнінде қолданыстағы заңнамалардың нормаларын сақтауға бағытталған талаптарын түсіндіру мақсатында облыстық, аумақтық инспекциясымен ауыл шаруашылығы басқармасының сала мамандары келгенін айтып өтті.

Жиынға Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының орынбасары және салалық бөлім басшылары, аудандық инспекция қызметкерлері, Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысы, мамандары, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, мамандары, ауылдық округтердің әкімдері, орынбасарлары және ауылшаруашылығы тауарын өндіруші жеке және заңды тұлғалар қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының орынбасары Б.Музаппаров инспекцияның негізгі міндеттері мен мақсаттары жайында баянда-

са, Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлім басшысы М.Куренбаев өзінің алғы сөзінде, аудан аумағында жеке және заңды тұлғалардың реттелетін салада қолданыстағы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мақсатындағы заңнамаларының талаптарына инспекция тарапынан түсіндірме жүргізуге ықпал ету, алдағы уақытта осы саладағы заң бұзушылықтардың тәуекелдерін болдырмау және олардың алдын алу тәңірегінде мәселелерді атап айтып, ауылшаруашылығы тауар өндірушілері мен тиісті жеке және заңды тұлғалар арасында қолданыстағы агроөнеркәсіп кешенін реттейтін заңдарды жетік білмейтін немесе білсе де елемейтін фактілер кейінгі кезде жұмыс барысында жиі ұштасып жататын жағдайларды көрсетіп, күн тәртібінде тұрған қажетті заңнамалардың талаптарын кәсіби түрде шарушылық субъектілеріне түсіндіру шараларын жасау маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің маманы Е.Ештаев Қазақстан Республикасының «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заң талаптарын түсіндіріп өтті.

Аталған жиында шаруалар көкейде жүрген сұрақтарын қойып, ұсыныс пікірлерін жеткізді.



Медицина саласының ардагеріне ауданның Құрметті азаматы төсбелгісі табысталды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қызмет еткен Түзелбек Абжановты қабылдап, «Созақ ауданының Құрметті азаматы» төс белгісін табыс етті.

–Саналы ғұмырыңызда елімізде медицина саласында ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, өз жұмысыңызға адал, сапалы, кәсіби шеберлікпен және жауаптылықпен орындаған білікті маман ретінде танылдыңыз. Қаратау, Тасты ауруханасында бас дәрігер, Құмкент, Жартытөбе ауруханасында балалар дәрігері және аудандық ауруханада аналар мен балаларды қорғау жөнінде бас дәрігердің орынбасары болып жұмыс жасадыңыз. Еткен еңбек, төккен теріңіз бағаланып, облыстық денсаулық сақтау де-

партаментінің грамотасымен, бірнеше рет облыстық Қызыл крест қоғамының грамотасы, «Ебек ардагері» төсбелгісімен марапатталдыңыз. Бүгінде 3 қыз, 3 ұл өсіріп, 23 немере, 13 шөбере тәрбиелеп отырған Сіздей ардақты ардагерге қандай атақ берсек те жарасады деді, аудан басшысы өз сөзінде.

Сонымен қатар Түзелбек Абжанов алдыңғы жолғы марапат рәсіміне денсаулығына байланысты келе алмағанын айтып, аудан басшысына азды-көпті жасаған жұмысыңызға бағалағаныңыз үшін деп, алғысын жеткізді.

Аталған жиынға аудан әкімінің орынбасары, аппарат басшысы, бірқатар бөлім басшылары мен мамандар қатысты.

Аудан басшысы Расулметовтер отбасында болды

Созақ ауылының тұрғыны Расулметовтер отбасының шаңырағында түнгі уақытта өрт шығып, баспанасы өртке оранды. Қызыл жалынды сөндіруге өрт сөндірушілер дер кезінде келіп, өртті сөндіріп үлгерген. Өрт салдарынан қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ, отбасында 9 жан тұрады, 6 бала аман – есен. Өрттің салдарынан барлық бөлмелері жанып кеткен және үйдің шатыры толықтай зақымданды. Қазіргі таңда аталған отбасын ел болып жұмылып, қасындағы ескі шаңырағын қалпына келтіріп, сонда орналастырды.

Орын алған жағдай аудан әкімі Мұхит Тұрысбековті бейжай қалдырмай, арнайы Созақ ауылына барып, Расулметовтер отбасының жай – күйімен танысты. Аудан басшысы өз сөзінде қыстың қатал мезгілінде Расулметовтер отбасында орын алған бұл сынақты ел болып еңсеретінін айтып, демалушылар мен кәсіпкерлер тарапынан үйді қалпына келтіру үшін тиісті жұмыстар атқарылатынын және бұл жағдай басты назарда болатынын атап өтті.

Бүгінде ауыл кәсіпкерлерінің қолдауымен сабаққа баратын 4 баласына киім – кешек, сондай – ақ ауыл округ әкімдігінің тарапынан мектеп жабдықтары берілетін болады. Мұнан бөлек, аудан тұрғындары атынан жұбайының есепшотына қаржылай көмектер берілуіде.



Футзалдан өткен әуесқойлар лигасы мәресіне жетті



Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің тарапынан «Шолаққорған ауылының мекеме қызметкерлері арасындағы футболдан әуесқойлар лигасының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі»

Аталған жарысты аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов қорытындылап, жүл-

делі орын алған командалар мен үздік деп танылған ойыншыларға аудан әкімінің арнайы дипломы мен кубок, медалін табыс етті.

Лига ойындарына 16 команда қатысып, қорытындысы бойынша Созақ ауданы полиция бөлімінің «Қайсар» командасы 1-ші орын, «Қайсар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің командасы 2-ші орынды иеленсе, Созақ ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің «Құтқарушы» командасы 3-ші орына қол жеткізді.

Сонымен қатар, жарыстың «Үздік ойыншысы» номинациясымен «Қайсар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі командасының ойыншысы Мұқанбет Қанатұлы;

«Үздік қорғаушы» номинациясымен Созақ ауданы полиция бөлімінің «Қайсар» командасының ойыншысы Қалижан Бейсенбекұлы;

«Үздік қақпашы» номинациясымен Созақ ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің «Құтқарушы» командасының қақпашысы Бейбіт Бекенұлы;

«Ардегер ойыншы» номинациясымен Созақ ауданы әкімдігінің «Бастау» командасының ойыншысы Айдарбеков Ербол Әбдіәшімұлы;

«Сұрмерген» номинациясымен Шолаққорған бас мұнай айдау станциясы, «Мұнайшы» командасының ойыншысы Смайлов Дастан марапатталды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №152 ШЕШІМІ
Созақ ауданы 2023 жылғы 20 қаңтар**2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Созақ аудандық мәслихаты депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңын және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 20 қаңтардағы №18/669, №18/671 қаулыларын басшылыққа алып, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Созақ аудандық мәслихаты депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім Созақ аудандық мәслихаты депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларына сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін жіберілсін.

3. Осы шешім Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында, «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы Ә.Сахиұлы
Комиссия хатшысы Р.Оспанов

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 20 қаңтардағы №152 шешіміне №1 қосымша

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Созақ аудандық мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық, округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, 2023 жылғы 29 қаңтардан кешіктірмей (14-б. 6) т., 22-б.)

2. Аумақтық, округтік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей, 2023 жылғы 29 қаңтардан кешіктірмей (13-б. 4-т., 15-1-б. 3-т.)

3. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті әкімдер Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзім ішінде, 2023 жылғы 2 ақпаннан кешіктірмей (23-б. 5-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей (17-б. 2-т.)

5. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тиісті округтік сайлау комиссиясына заңнамада көзделген құжаттарды ұсыну

Азаматтар өзін-өзі ұсыну жолымен және саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы. 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де аяқталады (103-б.)

6. Мәслихат депутаттығына кандидаттардың оларға

Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу

Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін (102-б., 103-б. 6-т.)

7. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну
Кандидат пен оның жүйбайы (зайыбы)
Тіркелгенге дейін (104-б. 2-т.)

8. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу
Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де аяқталады (104-б.)

9. Кандидаттарды тіркеу туралы хаттаманы жоғары тұрған сайлау комиссиясына ұсыну
Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Тіркелген күннен бастап бес күндік мерзімде (104-б. 5-т.)

10. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, олардың партиялық тізімдерін тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Тіркелгеннен кейінгі жетінші күннен кешіктірмей (104-б. 6-т. 1-тт., 6-1-т. 1-тт.)

11. Ұсынған кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу

Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Сенім білдірілген адамдардың тізімі тіркеуге ұсынылғаннан кейін (14-б., 8-тт.), 16-1-т. 6-тт., 31-б.)

12. Кандидаттың және оның жүйбайының (зайыбының) декларацияда көрсеткен активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде (104-б. 2-т.)

13. Кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу
Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Кандидат, партиялық тізім тіркелгеннен кейін (34-б. 6-т.)

14. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттардың, саяси партиялардың арнаулы шоттарына қаражаттың түсуі және олардың жұмсалуды туралы есептерді жариялау
Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Айына екі рет

15. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды айқындау, оларды жарақтандыру және ақпараттандыру

Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Үгіт басталғанға дейін, 2023 жылғы 18 ақпанға дейін (28-б. 6-т.)

16. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. 2023 жылғы 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-ден кейін басталады және 2023 жылғы 18 наурызда жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)

17. Кандидаттарға (жүгінген кезде) сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

18. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну

Тиісті әкімдер Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын 2023 жылғы 26 ақпанға дейін (26-1 б. 1-т.)

19. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда 2023 жылғы 4 наурыздан кешіктірмей (26-б. 1-т.)

20. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей, 2023 жылғы 9 наурызға дейін

21. Жекелеген сайлау учаскелерінде дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеу және бұл туралы

шешімді сайлаушыларға жеткізу

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау күніне дейінгі он күннен кешіктірмей 2023 жылғы 9 наурызға дейін. (38-б. 1-т., 3-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Үш күннен ерте емес және сайлауға дейінгі бір күннен кешіктірмей 2023 жылғы 16 наурыздан ерте емес және 18 наурызға дейін. (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де. (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, егер дауыс берудің басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті мәслихаттардың депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары Егер дауыс беруді аяқтаудың басқа уақыты белгіленбесе және дауыстарды санау басталғаннан 12 сағаттан аспаса, жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті жоғары тұрған сайлау комиссияларына ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін–дереу (108-б. 1-т.)

28. Округ бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аумақтық сайлау комиссияларына ұсыну
Округтік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін– дереу (108-б. 1-т.)

29. Мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың нәтижелерін белгілеу

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау өткен күннен кейін екі күндік мерзімнен кешіктірмей, 2023 жылғы 21 наурыздан кешіктірмей (14-б. 9) т., 44-б. 2-т., 108-б.2,3-т.)

30. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау қорытындыларын анықтау

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау өткізілген күннен бастап бес күннен кешіктірмей, 2023 жылғы 24 наурыздан кешіктірмей (111-б. 1-т.)

31. Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей 2023 жылғы 26 наурыздан кешіктірмей (14-б. 9) т., 44-б. 4-т. 2) т.)

32. Сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркеу және әрбір депутатқа куәлік пен омырауға тағатын белгі тапсыру
Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары (14-б. 9) т., 46-б. 3-т., 1) т., 112-б. 1-т.)

33. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясына сайлау қорлары қаражатының пайдаланылуы туралы есептер беру
Кандидаттар, саяси партиялар Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей (34-б. 9-т.)

34. Саяси партиялардың сайлау қорларына келіп түскен ақшаның жалпы сомасы және олардың көздері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде (34-б. 4-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізуге байланысты Түркістан облысы, Созақ ауданы бойынша

Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары мен аудандық аумақтық, округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері және құрамы туралы мәлімет

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04, sozak.sailaukomissia@bk.ru

Р/с	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туылған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі, мамандығы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Сахиұлы Әбубәкір	13.12.1953	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер;	"Ардагерлер ұйымы" Созақ аудандық филиалы
2	Мыңжасар Асқаров	17.02.1945	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер;	"AMANAT" партиясы
3	Оспанов Руслан Әлиұлы	07.08.1992	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы	"SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің сапалық кәсіптік одағы"
4	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	14.07.1973	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынұв» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	"Ауыл" партиясы
5	Айдаров Нұралы Тұрдыұлы	06.08.1977	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы	Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
6	Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич	04.04.1960	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Жұбанов» атындағы саз мектебінің директоры	"Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі
7	Сармантаев Жетилген	22.08.1954	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер	"Ақжол" демократиялық партиясы

Округтік сайлау комиссиясы

қ/с	Сайлау округінің нөмірі (тізімі)	Сайлау округі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы, шекарасы	Сайлау округі орналасқан нысанның мекен-жайы Орналасқан жері Елді мекені	Көше	Үй	Округтік сайлау комиссиясы мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	2	3	4	5	6	7
1	№1 Молдағұлова сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №689 Қарабұлақ, №690 Жеткеншек, №692 Молдағұлова сайлау учаскелерінің аумағы	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені	С.Қожанов	№1А	Калдыбеков Талғат Алишерович –комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы; Даулетбаев Орынбасар Тілеуліұлы –комиссия орынбасары «Ауыл» партиясы Касымов Кенжебек Сейдахметович –комиссия хатшысы «Ақжол» демократиялық партиясы Керімбекова Несіпкүл –комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Жиентай Біржан Сағынғалиұлы –комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
2	№2 Теріскей сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №691 Теріскей сайлау учаскесінің аумағы.	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені	Жібек жолы-2	№72	Сағындықов Әуесхан Әлкенұлы -комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы, Утебаева Айнұр Нұрғалиевна-комиссия орынбасары, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі Аманбекова Гүлнара Мтсбековна -комиссия хатшысы «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Қондыбайұлы Нұрсұлтан - комиссия мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясы Маханов Манас -комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы
3	№3 Шолақорған сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №693 Шолақорған, №687 Абай сайлау учаскелерінің аумағы.	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені	Абылай хан	№3	Тәңірбергенұлы Нұржан-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы, Бөрібеков Бекжан -комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы, Қожабаева Айгүл Абибпаттаевна-комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы, Алтыбаев Нұржан Ибадуллаевич -комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Масабаева Нұргүл Аманжолқызы-комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
4	№4 Мыңжылқы сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №694 Мыңжылқы сайлау учаскесінің аумағы.	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені	Жібек жолы	№1	Мәлікәдаров Серғали Өміртайұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы, Аленов Беридияр Бақтыярұлы-комиссия орынбасары, «Ауыл» партиясы, Абдрахманова Гүлжан Жандилдаевна -комиссия хатшысы, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Акбердиев Жалғас Лесбекович -комиссия мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясы, Байменов Ерұлан Әсетұлұлы -комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі
5	№5 Наурыз сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №892 Наурыз, №723 Жыныс сайлау учаскелерінің аумағы.	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені	С.Тоқпанбетов	№ 1А	Өтепов Жамбыл Ақынқожаұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Пірназаров Айдос Хайыпназарұлы-комиссия орынбасары, «Ауыл» партиясы, Бақбергенов Әділ Бауыржанұлы-комиссия хатшысы, «Ақжол» демократиялық партиясы Жұмабай Жәудір Тұрғынбайқызы-комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Түленқызы Анар -комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
6	№6 Жартытөбе сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №688 Балдысу, №695 Жартытөбе, №696 Аққолтық, №697 Бабата сайлау учаскелерінің аумағы	Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені	С.Сейфуллин	№72	Жандарбеков Дархан Торғалиевич -комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Алшынбекұлы Мұрат -комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы, Әмзәлі Досыхан-комиссия хатшысы, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Әйкенов Жеткерген Сармантайұлы- комиссия мүшесі «Ауыл» партиясы, Смуғулов Газиз Оздиқбаевич -комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
7	№7 Құмкент сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ. Шекарасы: №698 Құмкент, №699 Қызылқөл, №700 Қызылқанат, №274 Жыныс -1 сайлау учаскелерінің аумағы.	Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені	К.Берденұлы	№ нөмірсіз	Кузенбаев Айбар Сабарбекович -комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Жусипов Елдос Бердикулович -комиссия орынбасары, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Сланова Перизат Есентаевна-комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы, Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы-комиссия мүшесі «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Әйдіков Әбдімұхан Тілесұлы-комиссия мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясы
8	№8 Сызған сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Рустемов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №701 Қозмолдақ, №702 Сызған, №703 Қайнар сайлау учаскелерінің аумағы.	Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені	Мектеп	№9	Байс Сарыбай Құрманбекұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Алдасугиров Жомарт Ескерович-комиссия орынбасары «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Қалмұрзаев Жанболат Мамырбекұлы-комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы Нуртанов Мәндигали Меирбекович-комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Тілікбай Ықылас Төлеубайұлы -комиссия мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясы
9	№9 Созақ сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №704 Созақ, №708 Тарса, №707 Ынтымақ сайлау учаскелерінің аумағы.	Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені	С.Мәтенбаев	№31А	Танеев Бауыржан Түлембекович-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы, Атажиев Руслан Зафарович -комиссия орынбасары, «Ауыл» партиясы, Абдураманов Нышантай Сейтмухамедұлы-комиссия хатшысы, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Имамова Оғлай Эгамбердіқызы-комиссия мүшесі «Ақжол» демократиялық партиясы, Ермекбаев Жарас -комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі
10	№10 Науайы сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ә.Науайы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №705 Науайы, №706 Көктөбе сайлау учаскелерінің аумағы.	Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені	Ә.Науайы	№ 3А	Балтабаев Нурмухаммед Рысбаевич -комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы; Жұмабекова Гулшат Оралбековна-комиссия орынбасары, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі Жұмадил Хамза Рамазанұлы-комиссия хатшысы, «Ақжол» демократиялық партиясы, Азібаев Шерзат Шухратжанұлы-комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы, Мустафаев Саян Сарсенбаевич -комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
11	№11 Қарақұр сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қарақұр жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №709 Қарақұр, №710 Раң, №711 Шаға, №712 Бақырлы, №714 Саржаз сайлау учаскелерінің аумағы.	Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекені	Үсенбай	№27	Мамытова Нұргүл Мустафаевна -комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Досыбаев Уалихан Әліханұлы-комиссия орынбасары «Ауыл» партиясы, Алдакеев Жұмәділ Жанабекович-комиссия хатшысы, «Ақжол» демократиялық партиясы, Пірмаханов Нұрбек Рымбекович -комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Керімбаев Адил Амирбекович -комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі
12	№12 Жуантөбе сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №715 Жуантөбе, №716 Қоңыратарық, №717 Тасты, №718 Қылты, №719 Шу сайлау учаскелерінің аумағы.	Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені	Б.Достайұлы,	№35	Жанұзақов Сатыбалды Қуандықұлы -комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы, Айтбайұлы Жеңісбай -комиссия орынбасары, «Ауыл» партиясы, Баянова Айдана Бақтыбайқызы-комиссия хатшысы, «Ақжол» демократиялық партиясы, Жандарбекова Меруерт Нурилтаевна -комиссия мүшесі, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Дастанов Рауан Түлеутаевич -комиссия мүшесі «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
13	№13 Қыземшек сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ләнде Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №720 Қыземшек, №721 Тайқоңыр, №713 Ақсұмбе сайлау учаскелерінің аумағы.	Қыземшек кенті	2-шағын ауданы	№ 1А	Шаханов Талғат Жахангерұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы; Сығалаев Жасұлан Мұхтарұлы-комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы Ынтымақова Жазира Нағашбекқызы-комиссия хатшысы «Ауыл» партиясы, Бектай Ерлан Амангелдіұлы-комиссия мүшесі «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Маханов Бақыт Қамашұлы-комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
14	№14 Таукент сайлау округі	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №722 Таукент сайлау учаскесінің аумағы.	Таукент кенті	1-ықшам аудан	№ 31	Исатаева Макбал Анарбаевна-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы; Асекенова Меруерт Шаймерденовна -комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы Тубекбаева Нұргүл Шалтайқызы-комиссия хатшысы «Ауыл» партиясы Баймұратова Ұлжан-комиссия мүшесі «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі Жуматаев Даурен Жуматаевич-комиссия мүшесі «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

**«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрығы негізінде Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын директорының бос лауазымына
КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ**

Конкурс өткізу мерзімі: «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 15 күнтізбелік күн өткен соң белгілейді.

Конкурс өткізілетін орын: 061000, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16 үй (Созақ ауданы әкімі аппаратының ғимараты 4-қабат)

Анықтама телефоны: +7(700)4679323.
Кәсіпорынның атауы, орналасқан орны, пошта-лық мекен-жайы, телефоны, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Б.Ахметов көшесі, №16 А ғимарат, 161000 Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

Кәсіпорын қызметі:
Сумен қамтамасыз ету, су бұру және пайдалану;

Энергиямен қамтамасыз ету;
Жылумен жабдықтау;
Коммуналдық қалдықтарды көму, қалдықтар полигонын құру және пайдалану;

Анықтама телефоны: +7(700)4679323
Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны директорының лауазымына қойылатын негізгі талаптар:

1)біліктілік талаптарына сәйкес келетін жоғары білімнің болуы; Ауыл шаруашылық ғылымдары (су ресурстары және суды пайдалану); Білім (Химия, Физика, География); Техникалық ғылымдар және технологиялар (тау кен ісі, жылу энергетикасы, электр энергетикасы)

2)мамандығы бойынша кәсіпорынның бейіміне сәйкес келетін қызмет саласында басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

Лауазымдық міндеттері: Заңнамаға сәйкес ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржылық шаруашылық басшылық жасайды; қабылданатын шешімдердің орындалуын, ұйым теңгеріміндегі мүліктің сақталуын және толық пайдаланылуын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз етеді; ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды; өзге ұйымдармен немесе заңды тұлғалармен шарттар, келісімшарттар, операциялар жасайды, өкімдер мен бұйрықтар шығарады, іскерлік кездесулерде ұйымның атынан өкілдік етеді; барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін жаңалықтар мен нарықтық жағдайдағы өзгерістерге жылдам ден қоятын, тауарлар мен қызметтерді икемді және ұтқыр өндіруді дамыту мен жетілдіруге бағыттайды; ұйым жұмысының тиімділігін арттыруды, өнімдер мен қызметтер сатылымын және пайданы ұлғайтуды, өндірілетін өнімнің (қызметтердің) сапасын және бәсеке қабілеттілігін, отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың мемлекеттік және жоғары дамыған елдердің, озық компаниялардың стандарттарына сай келуін қамтамасыз етеді; ұйымның мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы қорлары және сақтандыру қорлары, өнім берушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және индикативті жоспар мен бизнес-жоспарлар-

дағы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етеді; өнімнің (қызметтердің) техникалық деңгейін және сапасын, өндіріс қарқындылығын, еңбек өнімділігін, экономикалық тиімділігін арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жаңа техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады; кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау, ұжымда қолайлы психологиялық орта қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды; басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің үйлесуін, өндірістік және өзге мәселелерді талқылау мен шешуді, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді қамтамасыз етеді; әлеуметтік әріптестік принциптері негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндіріс тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, жұмыскерлердің еңбекке ынтылылығын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді; кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, өзге лауазымды адамдарға – директорлардың орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады; ұйым қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруда заңдылықтың сақталуын, нарық жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, бизнестің (кәсіпкерлік қызметтің) ауқымын қолдау және кеңейту мақсатында ұйымның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді; сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүліктік және өзге де мүддесін қорғайды және оның атынан өкілдік етеді.

Білуге тиіс. Ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін, экономиканың және жалпы экономикалық қызметтің тиісті түрінің дамуының басым бағыттарын, ұйымның техникалық, экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективаларын, стратегиясын, басымдықтарын айқындайтын заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер және мемлекеттік органдардың актілері; ұйымның қызметіне қатысты бар өзге де органдардың әдістемелік және нормативтік материалдары; ұйымның бейіні, ерекшелігі және құрылымының ерекшелігі; есеп және қаржылық талдау негіздері, кредит беру схемалары; ұйымның өндірістік қуаты мен кадр резервтері; ұйымның өнім өндіру технологиясы; салық заңнамасы; ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметінің бизнес-жоспарларын жасау және келісу тәртібі; ұйым шаруашылығын жүргізу және басқарудың заманауи әдістері; стратегиялық жоспарлау, нарық - сыртқы және ішкі (өзінің секторы және онымен өзара байланыс) конъюнктурасы, бәсекелестер, өнім берушілер мен тұтынушылар; ұйымға өзінің нарықтағы жай-күйін айқындауға және жаңа өткізу нарығына шығу бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік беретін экономикалық индикаторлар жүйесі; практикалық маркетинг, жарнама техникасы, сатушы басқару; өндірістің тиісті саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктер және озық шетелдік және отандық тәжірибе; тиісті қызмет түрінің тәжірибесі және үздік ұқсас ұйымдардың қызмет тәжірибесі; шаруашылық және қаржылық шарттар жасау және оларды орындау тәртібі; салалық келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу және жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібі; ұйымның экономикасы мен қаржысын басқару, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру; еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынандай құжаттарды ұсынады:

- 1)конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2)мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3)білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4)Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 5)Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 б (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа мынандай тұлғалар қабылданбайды:

- 1)Он сегіз жасқа толмаған;
- 2)Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3)Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтілмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4)Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін аяқталады.

Құжаттар мына мекен-жайға жіберілуі тиіс: 161000, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16 үй, «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

**Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района» на основании приказа №70 Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года «Об утверждении Правил назначения и проведения аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры» на вакансию должности директора государственное коммунальное предприятие «Шолақорған-Су» отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района
ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС**

Срок проведения конкурса: Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района» устанавливается по истечении 15 календарных дней после опубликования настоящего объявления.

Место проведения конкурса: 161000, «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района», адрес: Туркестанская область, Сосакский район, село Шолақорған, улица Жибек жолы дом №16 (здание аппарата акима Сосакского района, 4 этаж).

Телефоны для справок: +7(700)4679323

Наименование предприятия, местонахождения, почтового адреса, телефона, краткое описание его основной деятельности: Туркестанская область, Сосакский район, село Шолақорған, улица Б.Ахметова, здание №16 А, 161000 государственное коммунальное предприятие «Шолақорған-Су» отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района.

Служба предприятия:
Водоснабжение, водоотведение и эксплуатация;
Энергообеспечение;
Теплоснабжение;
Захоронение коммунальных отходов, создание и эксплуатация полигона отходов;

Телефон для справок: +7(700)4679323

Основные требования к должности директора государственное коммунальное предприятие «Шолақорған-Су» отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Сосакского района:

- 1)Наличие высшего образования, соответствующего квалификационным требованиям; сельско-хозяйственные науки (водные ресурсы и водопользование); образование (Химия, Физика, География); технические науки и технологии (горное дело, теплоэнергетика, электроэнергетика).

(Жалғасы 6-бетте).

(Соңы. Басы 5-бетте).

2) наличие стажа работы по специальности на руководящих должностях в сфере деятельности, соответствующей профилю предприятия не менее 5 лет;

Должностные обязанности руководит в соответствии с законодательством производственной, хозяйственной и финансово-экономической деятельностью организации; обеспечивает исполнение принимаемых решений, сохранность и эффективное использование имущества организации, содержащегося на его балансе, а также финансово-хозяйственные результаты ее деятельности; определяет политику, стратегию деятельности организации и механизмы их реализации; заключает договоры, совершает сделки, операции со сторонними организациями или иными юридическими лицами, издает распоряжения, приказы, представляет организацию на деловых встречах; организует работу и эффективное взаимодействие всех структурных подразделений, направляет их деятельность на развитие и совершенствование гибкого и мобильного производства товаров и услуг, быстро реагирующих на нововведения и изменение рыночной ситуации с учетом социальных и рыночных приоритетов; обеспечивает повышение эффективности работы организации, рост продаж продукции и услуг, и увеличение прибыли, повышение качества и конкурентоспособности производимой продукции (услуг), их соответствие государственным стандартам и стандартам высоко развитых стран и лучших компаний в целях завоевания отечественного и зарубежных рынков; обеспечивает выполнение организацией обязательств перед государственным бюджетом, накопительными пенсионными и страховыми фондами, поставщиками, заказчиками и кредиторами, включая банки, а также выполнение хозяйственных и трудовых договоров (контрактов), показателей индикативных планов и бизнес-планов; организует производственно-хозяйственную деятельность на основе использования новейшей техники и технологии, прогрессивных форм управления и организации труда, существующих научно обоснованных нормативов материальных, финансовых и трудовых затрат, изучения конъюнктуры рынка и передового опыта (отечественного и зарубежного) в целях повышения технического уровня и качества продукции (услуг), роста интенсификации производства, производительности труда, экономической эффективности, рационального использования производственных резервов и экономного расходования всех видов ресурсов; принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию и развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных и благоприятных для жизни и здоровья условий труда, соблюдению требований законодательства об охране окружающей среды, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе; обеспечивает

ет сочетание экономических и административных методов руководства, обсуждение и решение производственных и иных вопросов, материальных и моральных стимулов повышения эффективности производства; обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой и производственной дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников; решает вопросы, касающиеся финансово-экономической и производственно-хозяйственной деятельности организации, в пределах предоставленных ему законодательством прав, поручает ведение отдельных направлений деятельности иным должностным лицам, заместителям директора, руководителям филиалов, а также функциональных и производственных подразделений; обеспечивает соблюдение законности в деятельности организации и осуществлении ее хозяйственно-экономических связей, использование правовых средств для финансового управления и функционирования в рыночных условиях, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений, обеспечения инвестиционной привлекательности организации в целях поддержания и расширения масштабов бизнеса (предпринимательской деятельности); защищает и представляет имущественные и иные интересы организации в суде, арбитраже, государственных органах и иных организациях.

Должен знать: законодательные, иные нормативные правовые акты и акты государственных органов, регламентирующие производственно-хозяйственную и финансово-экономическую деятельность организации, определяющие приоритетные направления развития экономики и соответствующего вида экономической деятельности в целом, перспективы, стратегию, приоритеты технического, экономического и социального развития организации; методические и иные материалы иных органов, касающиеся деятельности организации; профиль, специализацию и особенности структуры организации; основы учета и финансового анализа, схемы кредитования; производственные мощности и кадровые ресурсы организации; технологию производства продукции организации; налоговое законодательство; порядок составления и согласования бизнес-планов производственно-хозяйственной и финансово-экономической деятельности организации; современные методы хозяйствования и управления организацией; стратегическое планирование, рынок - внешнюю и внутреннюю конъюнктуру (свой сектор и взаимосвязанные с ним), конкурентов, поставщиков и потребителей; систему экономических индикаторов, позволяющих организации определять свое положение на рынке и разрабатывать программы выхода на новые рынки сбыта; практический маркетинг, технику рекламы, управление продажами; научно-технические достижения и передо-

вой отечественный и зарубежный, опыт соответствующего вида деятельности и опыт деятельности лучших аналогичных организаций; порядок заключения и исполнения хозяйственных и финансовых договоров; порядок разработки и заключения отраслевых соглашений, коллективных договоров и регулирования социально-трудовых отношений; управление экономической и финансовыми организациями, организацию производства и труда; трудовое законодательство, порядок внутреннего трудового распорядка, по безопасности и охране труда, производственной санитарии, требования пожарной безопасности.

Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) копии документов об образовании;
- 4) документы, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в с Трудового кодекса Республики Казахстан (далее - Кодекс);
- 5) справку по форме №075/у "Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)", утвержденной исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579).

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы).

Для участия в конкурсе не принимаются следующие лица:

- 1) моложе восемнадцати лет;
- 2) ранее совершившее коррупционное преступление;
- 3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;
- 4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Срок сдачи заявления об участии в конкурсе: прием документов лиц желающих участвовать в конкурсе со дня публикации объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации завершится по истечению календарных пятнадцати дней.

Документы должны быть направлены на этот адрес: Туркестанская область,

Созакский район, село Шолакорган, улица Жибек жолы дом №16, Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Созакского района».

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011-жылы 28-қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін реттейді. Медиатор дегеніміз, тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.

Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар, ал, екіншісі-кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мыналар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген, заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медиация туралы не білеміз?

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі, яғни медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Медиацияның мақсаты - дауды шешудің медиацияның екі тарапы да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Егер, Қазақстан Республикасының

заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Қылмысты жасалғаны үшін ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес, сондай-ақ ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс санатына жатады.

Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дау-шарды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімді білдіреді.

Соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындай-

тын дауларды реттеу бойынша медиация туралы шарт іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Негізінен айтқанда бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата-балар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамның бірі, оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз. Қазіргі таңда Сызған ауылдық округі бойынша кәсіби емес медиаторлар тізілімі жасақталып жұмыс жасауда.

Б.ЖАППАРҚҰЛОВ,
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында және талаптарын бұзылған жағдайда, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің 8(725-46) 4-16-05 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламаларын қабылдайды.

Бөлімнің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптары беріледі.

Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-724, 8700-467-93-72, 4-727, 8700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Аң-құстарды қорғайық!

Халық даналығында халқымыздың табиғатқа жанашырлық қасиетін өте көп нәрселерінен байқауға болады. Табиғатқа адам әрекетінің әсері ерекше. Адам табиғатта шаруашылықтың қай түрімен айналысса да өсімдіктер мен жануарларға әсер етпей қоймайды.

Заңсыз аң аулаушылар «Қызыл кітапқа» енген аң-құсты аулау кезінде олардың арнайы кітапқа енгенін, ерекше қорғауда екенін біле тұра аулайды. Қасақана табиғатқа залал келтіруге тырысады. Бас пайдасын көздейді. Тығылып аулап, жасырып сатады. Сондықтан олардың қасақана істелген әрекетіне сай, жаза да жеңіл болмауы керек.

Табиғат – адамның ежелден бергі тіршілік етіп келген ортасы және мәңгілік мекені. Еліміздің табиғат байлығын өз қалпында сақтау, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алу, санын молайту, су құстары мамырлайтын және қыстайтын орындар мен балық уылдырық шашатын өзен-көлдерді қорғау-бүкілхалықтық іс.

Жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Олар табиғаттағы заттар мен энергия айналымында негізгі рөл атқарады.

Қорыта келе айтарым, ауданымыздағы орман алқаптарында болсын, басқа жерде болсын аң-құс атуға тыйым салынғанын еске саламын. Қолға түскен заңсыз аң атушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерткім келеді.

Талғат ҚАБЫЛОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аң қорғау инженері.

Табиғатымызды аялайық!

Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өлеңгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаттымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Шыңғыс БАЙЖАНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орманшысы.

Коррупция термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің организмі, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға

нен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Кез келген мемлекеттік құрылы-

қайсысын да қатты алаңдатыны айқын. Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процестерін

Әрбір азаматтың міндеті мен абыройы

және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөз-бұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бас-тапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті іші-

стағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-

жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мелекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

Жандос НАРҚОЗЫҰЛЫ,
Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің дамуына бармақ бас-

барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқор-

Бірлесеміз күресеміз

ты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Бұл мәселе бойынша Сызған ауылдық округіндегі ардагерлер кеңесі, ауыл биі, кәсіби емес медиаторлар жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың

лықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Б.ЖАППАРҚҰЛОВ,

Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

Сыбайлас жемқорлық заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлікті игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды қызметкерлерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы салық органдарына аса маңызды құжат екені дәлелсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Жемқорлық-қоғам дерті

туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарлама жасап оны іске асыру жөнінде алдағы жылдарға іс шаралар жоспары жасалынған.

Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке

барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Марат СУГУРШАЕВ,
ҚР АШМ АӨК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор.

Созақ аудандық «Созақ үні» газеті редакциясы» ЖШС «Созақ үні» газеті бетінде жарияланатын хабарландырулар мен жарнамалардың бағасы

Құттықтаулар

Жеке тұлғалар үшін:
Суретімен:-5000 теңге.
Суретсіз:-3000 теңге.

Еске алулар

Жеке тұлғалар үшін:
Суретімен-5000 теңге.
Суретсіз-3000 теңге.

Шағын хабарландыру

(құжат жоғалту)-4000 теңге
Хабарландыру:
Мекеме кәсіпорын және шаруашылықтар заңды тұлғалардың ақылы материалдары (мақалалары) үшін (шаршы см):-120 теңге.

Хабарландыру, жарнама, құттықтаулар

Жеке тұлғалар үшін (шаршы см)-100 теңге.

Көңіл айту

Заңды тұлғалар үшін-5000 теңге.

Жеке азаматтар үшін-3000 теңге.

2023 жылдың I-II жарты жылдығына «Созақ үні» газетіне жазылу бағасы:

«Қазпошта» АҚ-ы
Жеке тұлғалар үшін -2371 теңге 20 тиын.

Мекемелер мен кәсіпорындар үшін-3571 теңге 20 тиын.

«Ернұр-пресс» ЖШС-і:
Жеке тұлғалар үшін -2400 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы:

Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.

Бір дана газеттің сатылу құны:-150 теңге.

Құтыру ауруынан сақтанайық!

Қазіргі уақытта құтыру денсаулық саласында, сондай-ақ ветеринария саласында да басты мәселе болып қалуда. Оның эпидемиологиялық маңызы - даусыз өлімге әкеліп соқтыруымен, барлық жерде таралуымен, аурудың жануарлар арасындағы тікелей байланысымен, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен және халық арасындағы антирабикалық көмек көрсетілуімен анықталады. Кейінгі жылдары дала тағыларының тым көбейіп кетуімен үй жануарлары арасында әсіресе жылқыға қырығдай тиюде бұл көріністер халық арасында эпидемиологиялық жағдайды күрделендіруде.

Құтыру адамға үй және жабайы жануарлар, ет қоректілермен тығыз байланыста болуы нәтижесінде сілекеймен немесе тістегенде және жаралаған кезде (иттер, мысықтар, түлкілер, қасқырлар және басқалармен) жұғады. Жануарлардың құтырмамен ауруының себептері сан алуан, бірақ ең басты назар аударатыны - жануарлардың іс-әрекеттерінің өзгеруі. Иттер жууге жарамайтын тас, ағаш, әйнек сияқты заттарды шайнай бастайды. Жануарларда жағының асты салбырайды, сілекей бөлуінің көбеюі басталады және олар адамдар мен жануарларға жүгіріп, қатты тістейді. Адамдар мен жануарлардың құтырмамен ауруы өлімге әкеп соқтырады.

Иттер мен мысықтарды құтырмаға сәл ғана күмәнді себептер байқалса, ветеринарлық дәрігерге қаралуды есте сақтау қажет. Күдікті жануарлардың иелері өз бетімен көмек көрсетуге жол бермеу қажет, өйткені ол өте қауіпті.

Егер адамды жануарлар тістеп алған жағдайда тез арада дәрігерге қаралып, құтырмаға қарсы егу курсы жүргізу мәселесін шешу қажет. Кезекті екі епелер 0 күннен 90-шы күн аралығында салынады 6 турдан тұрады. Қапқан ит белгілі болса, 10 күн ветеринариялық бақылаудан кейін анықтамамен 3 епелем (дәрігерге көрінген күні антирабикалық вакцинаның 1-ші туры 0 күндігі, 3-ші күні 2-ші туры және 7-ші күні 3-ші туры салынады) тоқтатылады. Уақытында жүргізілген егу ғана аурудың дамуының алдын-алады. Бұл дамудың алдын алудағы ең бірден-бір құралы. Егер де жануарлар тістеп алған немесе зақымданған денеге сілекей жұққан жағдайда тез арада (жараны сабынды сумен шая отырып, шеттерін спиртпен және йод тұнбасымен өңделеді) жақын маңдағы медициналық мекемеге бару қажет. Ауру дамуының алдын алуға тек қана егу көмектеседі. Адамдарға құтыру ауруына қарсы екі епелер тегін жасалады!

Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

М.ӘСКЕРБЕК,

Созақ аудандық СЭБ басқармасының эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің басшысы.

Банкроттық туралы заң

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңымен жұртшылық кеңінен танысуда. Қазақстандық сарапшылар несие алатын азаматтардың көбеюін тікелей қымбатшылықпен байланыстырады. Мәселен, қазір отандастарымыз табысының 50-55 проценттен астамын азық-түлік сатып алуға жұмсайды. Одан бөлек керек-жарағы, жаңартатын киімі, дәрі-дәрмегі мен жолға кететін шығынын есептегіз. Бір сөзбен айтқанда, тапқан табысқа жеттіліктен әрі аспайды. Сондықтан елімізде жеке тұлғалардың банкроттық туралы заңын қабылдау мәселесі туды, яғни әлде бір себептерге байланысты қарызды төлеу мүмкіндігі болмаса, заң жүзінде борыш жойылады.

Бұл заң жобасы өткен жылдың басында қызу талқыға салынды. Ал мамыр айында құжат мәжіліс депутаттарының қарауына түсті. Бұл ретте «Бастаманың кредиттік рақымшылықтан айырмашылығы қандай?» деген сауал туындайды. Қазіргі заң жобасында сотсыз және сот арқылы банкроттық жариялау шаралары қарастырылғанын айту керек. Соттан тыс банкроттық туралы өтініш уәкілетті органның интернет-ресурсы немесе салықтық мобильді қосымша арқылы жіберіледі. Онда кредитордың атауы, берешек сомасы жазылады. Сондай-ақ, үш шартты құжатпен растау қажет. Олар сот орындаушысының өндіруге жататын мүлік пен ақшаның жоқтығы туралы атқару құжаты, өзге де атқарушылық істің болмауы, қарызды реттеу жағынан барлық шараларды (өтініш жазу, кредит мерзімін ұзарту, қарызды қайта құрылымдау және т.б.) жасап көру. Бұдан бөлек, тағы екі негізгі талап бар. Біріншіден, банк, микроқаржы ұйымы немесе коллекторлар алдындағы қарыздың сомасы 4,9 миллион теңгеден аспауы шарт. Ал борышкердің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен артылмайды. Соттан тыс банкроттық рәсімі алты ай жүргізіледі. Осы уақыттың ішінде оның қаржылық жағдайы жақсарса, сотсыз банкроттық жариялау рәсімін тоқтату қажет. Қарыздың мөлшері 4,9 млн теңгеден артық болса, жеке тұлғаның банкроттығын сот арқылы рәсімдеу керек. Борышкердің атында тіркелген мүлік аукцион арқылы сатылады. Ал одан түскен ақша қарызды жабуға жұмсалады. Бұған қоса банкроттық банк шоттарындағы ақша мен салымдар қаржы басқарушысының арнайы есепшотына аударылады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – борышкер үшін міндетті ша-

ра. Сотта банкроттықтан бөлек өтініш берген адамның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары да бекітіледі. Оны орындау мерзімі бес жылдан аспауға тиіс. Мерзімінен бұрын орындауға рұқсат бар. Жоспарда қарыздан құтылудың нақты шаралары көрсетілуі шарт. Олар-қарызды кейінге қалдыру, бөліп төлеу, бір бөлігін кешіру, қарызды төлеу мерзімін ұзарту, ке-

майды. Жалпы, бірқатар дамыған елдерде бұл мәселе бір жолға қойылған. Ресейдің өзінде жеке тұлғаның банкроттығы туралы заң қолданыста. Мәселен, Ресейде осы заң енгізілгеннен бастап жыл сайын 15-25 мың азаматтың борышы жойылады екен. АҚШ-та банкроттық туралы істерді мамандандырылған соттар қарайды. Азаматтың немесе компанияның жеке жағдайы-

Талап қандай?



пілзатты беру. Борышкер өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы жалған ақпарат берсе, әкімшілік, тіпті, қылмыстық жазаға да тартылуы мүмкін. Сенат депутаттары «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» осы Заңды мақұлдады. Енді 3 наурыздан бастап банкроттыққа өтініш беруге болады. Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алады, яғни кредитор борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқылы емес. Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған борышкер мыналарды білгені дұрыс: 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады (ломбард тардың микрокредиттерін алуды қоспағанда, қайта банкроттық 7 жыл өткен соң ғана мүмкін болады, банкрот болған тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізілетін болады. Сондай-ақ, алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша берешектер есептен шығарыл-

на байланысты банкроттық рәсімдерінің әртүрлі түрі бар. Мәселен, білім алуға арналған несиелер, балаларды дамытуға арналған қаражат, алимент, сот шешімімен төленетін айыппұлдар, жарақат алуға байланысты міндеттемелер, ипотека бойынша төлемдер кешіруге жатқанымен, алаяқтық секілді жолмен алынған қарыз мемлекет есебінен кешірілмейді. Осылайша, АҚШ заңы азаматтарды сауықтыруға, төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге, «жаңа өмір» бастауға мүмкіндік береді. Ал Швецияда банкроттық туралы заңға қосымша ретінде «Қарыздан құтылу туралы» заң қабылданған. Ұлыбритания мен Францияда қарыз мерзімі 120 күннен асатын міндетті банкроттық институты бар. Жапонияда қарызды мүлік сату арқылы өтеу, «жою» процедурасы деп аталады. Бірақ өзін банкрот деп жариялаған азаматтар компанияларды басқару құқығынан айырылады. Ал бізде аталған заңның алдағы уақытта қалай жүзеге асары уақыт еншісінде. Оның үстіне құжат барлық жеке тұлғаны бірдей банкрот деп тани бермейтіндігінде қаперге алғанымыз жөн.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

**Директордың міндетін
уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:**

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.